

«БЕКІТЕМІН»

**«Астана қаласының
Дене шынықтыру және спорт
басқармасы» ММ
басшысы**

_____ **В.А. Левит**
« ____ » _____ **2024 жыл**

«КЕЛІСЕМІН»

**Астана қаласы әкімдігінің
«Спорттық-бұқаралық
іс-шараларды өткізу
дирекциясы» КММ
басшысы**

_____ **Б.Е. Масанов**
« ____ » _____ **2024 жыл**

«КЕЛІСЕМІН»

**Астана қаласының
«Спорттық бағдарлау
федерациясы» ҚҚБ
президенті**

_____ **Е.Б. Баяхметов**
« ____ » _____ **2024 жыл**

**Жүгіру спорттық бағдарлауы бойынша
Астана қаласының «Күзгі бағдар – 2024» Кубогының
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы, 2024 жыл

1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ МЕН КЕТУ КҮНІ.

Жүгіру спорттық бағдарлауы бойынша Астана қаласының «Күзгі бағдар – 2024» Кубогы.

Мақсаты мен міндеттері:

- Астана қаласында спорттық бағдарлауды насихаттау және дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жастарды жүйелі дене шынықтыру және спорт сабақтарына тарту;
- Спортшылар арасында татулық пен ынтымақтастықты дамыту;
- Спортшылар мен төрешілердің шеберлігін арттыру.

Жарыс **2024 жылдың 05-06 қазан** күндері өткізіледі. Жарыс орталығы – Астана қаласы, Тұран даңғылы 2/5.

Келу күні: 04.10.2024 жыл; Қайту күні: 07.10.2024 жыл.

Жүгіру спорттық бағдарлауы бойынша Астана қаласының «Күзгі бағдар – 2024» Кубогы ҚР СБФ ережелеріне сай өткізіледі.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ.

Жарысқа өтінім берген, денсаулықтарына қарсы көрсеткіштері жоқ ұйымдардың спортшылары және жеке тұлғалар қатыса алады.

Қатысушылар саны шектелмеген.

Бағдарлау жарысы ережеге сәйкес қатысушылардың жас топтары:

MW – 8 (2016 ж.т. және одан кіші); MW – 16 (2008-2009 ж.т.);
MW - 10 (2014-2015 ж.т.); MW – 18 (2006-2007 ж.т.);
MW - 12 (2012-2013 ж.т.); MW – 20 (2004-2005 ж.т.);
MW – 14 (2010-2011ж.т.); MW – 21 (2003 ж.т. және одан үлкен);
MW – 21A (2007 ж.т. және одан үлкен) разрядсыз;
MW – 35 (1989 ж.т. және одан үлкен);
MW – 40 (1984 ж.т. және одан үлкен);
MW – 45 (1979 ж.т. және одан үлкен);
MW – 50 (1974 ж.т. және одан үлкен);
MW – 55 (1969 ж.т. және одан үлкен);
MW – 60 (1964 ж.т. және одан үлкен);
MW – 65 (1963 ж.т. және одан үлкен).

Жас топтары қатысушылары аз болған жағдайда басқа топпен біріктіріледі. Ерлер мен әйелдер топтарының жалпы саны 16 топтан аспау керек. Бір топтың қатысушы саны 15-тен асқан жағдайда А,В,С... паралель топтары құрылуы мүмкін.

3. МЕДИКАЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Жарыс барысында спортшылардың өмір қауіпсіздігіне, денсаулығына тікелей қатысушының өзі жауапты болады. Жарыс кезінде спортшылармен оқыс жағдайлар, жарақаттар болған жағдайда ұйымдастырушыға жауапкершілік жүктелмейді. Мәре бойында дәрігер болады.

Тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді (бұдан әрі допинг) химиялық қосылыстар, тыйым салынған заттарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

4. ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР.

Қатысуға өтінім тек ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі, 2024 жылдың 03 қазан 21:00-ге дейін қарастырылады.

Жарысқа түсу келесі қатысушыларға рұқсат етіледі:

Спорттық бағдарлауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ. Қатысушы өз бетінше медициналық тексеруден өтуге және бағдарлау жарыстарына қатысуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды алуға міндетті. Кәмелетке толған спортшылар өз денсаулықтарына өз бетінше жауапты.

5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ.

Жеке жарыстарда әр қатысушының нәтижесі қашықтықты өтудің ең аз уақыты бойынша анықталады. Жеке есептегі ұпайлар мына формула бойынша есептеледі: $100 * \text{тпоб.} / \text{t уч.}$

Дипломдар, медальдар Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық - бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қамтамасыз етеді. Жарыстың барлық күндерінің қортындысы бойынша 1-3 орын алған қатысушылар диплом және медальдармен марапатталады.

6. ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУ МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР.

Наразылықтар беру тәртібі және оны қарау ҚР СБФ ережелеріне жеңілдетілген түріне сәйкес қаралады.

Жарыстың осы Ережесі жарысқа қатысу үшін ресми және шақыру болып табылады. Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бас төреші: Корнилова Г.В . +7 7013578374

**Жүгіру спорттық бағдарлауы бойынша
Астана қаласының «Күзгі бағдар – 2024» Кубогы.**

СМЕТАСЫ:

Спорттық бағдарлау:

1-ші орын – 16 диплом, 16 медаль.

2-ші орын – 16 диплом, 16 медаль.

3-ші орын – 16 диплом, 16 медаль.

Барлығы: 48 диплом, 48 медаль.

Барлығы:

Дипломдар саны: 48 дана.

Медальдар саны: 16 жиынтық.

Жауапты: Корнилова Г.

Ұялы телефон: +7 701 357 83 74